

## БӨЛІМ: ТЕХНОЛОГИЯ

**Адам өмірінде пәтер интерьердің маңызы.**ЖАРИЯЛАНДЫ  
19.04.2019СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/55950/>

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

**Сабақтың тақырыбы:** Адам өмірінде пәтер интерьердің маңызы.*ФСН № 5 Инфляциямен күрес.***Міндеттері:***Білімдік – тырғын үй интерьер туралы білім беру**Дамытушылық – оқытушылардың тақырып туралы ойларын кеңейту, эстетикалық талғамын дамыту. Шығармашылығын арттыру**Тәрбиелік – эстетикалық тәрбие беру, әсемдікке сұлулыққа ұйымшылдыққа баулу***Мақсаты:** «стиль», « сән», « интерьер» түсініктеріне тоқталу, интерьердің композициялық шешімін меңгерту.**Сабақтың түрі:** аралас сабақ**Құрал - жабдықтар, көрнекті құралдар:** технологиялық картасы, слайдтар, стикерлер, ватман, желім, қайшы.**Сабақ жоспары**

1. Ұйымдастыру – 2 мин.
2. Жаңа білім беру – 15 мин.
3. Өзіндік жұмыс – 15 мин.
4. Рефлексия – 5 мин
5. Бағалау пырағы -6 мин
6. Үйге жұмыс тапсырма – 2 мин. /барлығы 45 мин.

## Сабақ барысы.

### 1. Ұйымдастыру

-сәлемдеу

— оқушылардың сабаққа дайындылығын тексеру

### 2. Жаңа білім беру

Үй — сол жер, қайда адам демалады, тұрады. Мында ол толғанушылықтарға еліку біледі, оған ешкім сүйікті іспен айналасуға араласпайды, жақын достармен кездеседі. Барлық осы үшін пәтердің лайықты интерьері болуы керек

Мұғалім: Сендер қалай ойлайсындар , интерьер бұл не?

Оқушылар-: үйдің жиһазы, кілемдер, тұсқағаздар.

Мұғалім: интерьер, француз тілінен, — «ішкі»

**Интерьер** — пәтердің белгілі бір ретпен қалыптастырылған әрі сәндеп жабдықталған ішкі кеңістігі.

Пәтер интерьерін қалыптастыруда оның сәулеттік шешімі және құрылыс жабдықтары: бөлменін саны мен өзара ыңғайластырып олардың көлемі мен габариті, терезе мен есіктің, үй жылытатын радиаторлардың, жап-сарластырып салынған шкафтың, санитарлық аспаптардың, асханадағы ыдыс-аяқ жуғыш пен газ не электр плитаның т. б. орналасуы елеулі роль атқарады. Пәтер интерьері тұрмыстық аспаптардан, машиналар мен жарық түсіретін құралдардан және жиһаздан құралады.

Интерьерді жабдықтаудың қажетті шарты — қолайлылық пен әсемдік. Интерьердің барлық элементтері өзара әдемі үйлесуі, ал интерьер бүтіндей алғанда бірін-бірі

толықтырып, көз тартарлық әсем болуы тиіс. Пәтерді жабдықтарда үйге қандай заттар қажет, оларды қай жерге және қалай орналастыру, әшекейі мен түсі, бөлменің әшекейі мен болуын өзгерту-өзгертпеу туралы мәселені алдын ала ойластыру керек.

Пәтер интерьерін қалыптастыру мәселесіне арналған кітаптар шығарылады, журналдарға мақалалар басылады, көрмелер ұйымдастырылады.

### **3.Өзіндік жұмыс**

1 Топқа бөлінеміз. Ауқымға бәріміз тұрамыз, сол жағынан бастаймыз. Бірінші отырады, екінші шапалақтайды, ал үшінші секіреді. Кім отырды - 1 топ, кім шапалақтады - 2 топ, кім секірді - 3 топ.

Ал енді топ басшысыны таңдандар.

#### **1 тапсырма**

Коллаж жасау және оны қорғау

#### **2 тапсырма**

Сөзжұмбақты құрастыру

### **4. Рефлексия**

Оқушылар стикірге жазады не білдім, не білгім келеді, не білмедім.

### **5. Бағалау пырағы.**

Топ басшысы бағалау пырағын толтырып топ мүшелеріне баға қояды.

### **6. Үйге тапсырма**

Менің бөлмем презентациясын жасау



Сабаққа өзіндік талдау.

Сабақтың тақырыбы: Тұрғын үйдің интерьері.

Міндеттері:

Білімдік – тұрғын үй интерьер туралы білім беру

Дамытушылық – оқытушылардың тақырып туралы ойларын кеңейту, эстетикалық талғамын дамыту. Шығармашылығын арттыру

Тәрбиелік – эстетикалық тәрбие беру, әсемдікке сұлулыққа ұйымшылдыққа баулу

Мақсаты: « стиль», « сән», « интерьер» түсініктеріне тоқталу, интерьердің композициялық шешімін меңгерту.

Сабақта әр түрлі тәсілдер қолданды. Сабақта уақыт осылай бөлінді:

ұйымдастыру – 2 мин., жаңа білім беру – 15 мин., өзіндік жұмыс – 15 мин., рефлексия – 5 мин., бағалау пырағы -6 мин., үйге жұмыс тапсырма – 2 мин. Ол бөлу дұрыс болды деп ойлаймын.

Оқушылар өте жақсы жұмыс жасады. Жоспар бойынша қыздар 3 топқа бөлінді. 1 топ – ас бөлмесі, 2 топ – қонақ бөлмесі, 3 топ – балалар бөлмесі. Суреттерді киіп ватманға жапстырды содан кейін, суреттің астына 2 тілде аспаптың атауын жазды. Топ басшылар өз коллаждарын қорғады.

Кейін топтар сөзжұмбақты құрастырды.

Сабақ мақсатына жеттік.

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.